Тарату логистикасы: мәні, міндеттері, дәстүрлі өткізу мен көтерме сатудан принципті айырмашылығы. Тарату логистикасы және маркетинг.



Логистикадағы тарату – осы үдерісінің физикалық,сезілетін,заттай құрамы. Меншік құқығын таратумен байланысты зақдылықтарға бұл жерде, әрине, көңіл бөлінеді, дегенмен олар зерттеу мен оңтайландырудың негізгі пәні болмайды. Тарату логистикасындағы негізгі зерттеу пәні қолда бар материал қорларының физикалық бөлу үдерісін рационализациялау болып табылады. Өнімді қалай орау керек, қай маршрутпен жіберу керек, қойма торлары қажет пе (егер қажет болса,онда қандайы?), делдалдар қажет пе-міне бұлар тарату логистикасының айналысатын мәселелері.

Логистика материалды ағымдарды іштей басқаруды зерттейді және оны жүзеге асырады, сондықтан тарату сипатындағы түрлі мәселлерді шешуді,яғни кімде- кім арасында бір нәрсені таратуды барлық кезеңде оындап отыруға тура келеді.

Тауар сатып алу барысында түрлі жабдықтаушылар арасында тапсырыстар бөлінеді;

Кәсіпорынға келіп түскен кезде сақтау орындары бойынша жүктер бөлінеді;

өндірістің түрлі учаскелері арасында материалды қорлар бөлінеді;

сату үдерісінде материалды ағымдар бөлінеді және т.б.

Тарату логистикасының шекарасын белгілеу үшін үш сатылы капиталдың ұдайы өндіріс үдерісінің схемасын қарастырып өтелік.

Өндіріс құралдарын алу сатысындағы материалды ағымдар сатып алу логистикасының зерттеу және басқару объектісі болып табылады, өндіріс сатысындағы материалды ағымдар-өндірістік логистика объектісі.

Материалды ағымдар дайын өнімді бөлу және өткізу сатысындағы тарату логистикасының объектісі болады.

Тарату логистикасының түсінігін жалпы логистика түсінігінің анықтамасы негізіндегі қалыптастыру оңай. Логистикада,материалды ағымдарды іштей басқару жөніндегі ғылым ретінде анықталады,оларға мыналар жатады:

- ағымды өндіріске дейін жеткізу;
- ағымның өндіріс ішінде өту үдерісін басқару;
- дайын өнімді тұтынушыға дейін жеткізу үдерісін басқару.

Осы тарауда логистиканың ерекшелігі аталған 3 учаскедегі материалды ағымдарды басқарудағы біріктіруде екені айтылады. Тарату логистикасы соңғы сатыны зерттейді (алдыңғы сатылардан оқшауланбай,керісінше олармен терең жүйелі өзара байланысты), яғни ол – дайын өнімді тұтынушының мүдделеріне және талаптарына сай оларға жеткізу үдерісіне жүргізілетін тасымалдау , қоймалау және басқа да материалды және материалды емес операцияларды жоспарлау, бақылау және басқару жөніндегі ғылым.

Тарату логистикасының дәстүрлі өткізу және сатудан айырмашылығы мынада:

материалды және ақпараттық ағымдарды басқару үдерісін маркетинг мақсаттары мен мәселелеріне табындыру;

тарату үдерісі мен өндіру және сатып алу үдерісінің жүйелі өзара байланысы(материалды ағымдарды басқару бойынша);

тарату ішіндегі барлық функциялардың жүйелі өзара байланысы.

Тарату логистикасының анықтамасы төмендегідей қалыптасады: тарату логистикасы – материалды ағымның түрлі көтерме сатып алушылары арасында бөлу үдерісінде жүзеге асатын өзара байланысты функциялар кешені.

Логистикадағы бөлшек сату үдерісі қарастырылмайды.Бұл үдерістің тиімділігі негізінен логистикадан тыс факторларға байланысты, мысалы, сатып алушы психологиясын білу,сауда залын безендіре білу,жарнама ұйымдастыру және т.б. Бөлшек сату үдерісіндегі материалды ағымдарды рационалды ұйымдастыру , әрине , қажет, бірақ оның бұл жердегі салыстырмалы маңыздылығы материалды ағым қозғалысының ерте сатыларына қарағанда төмен.

Жоғары аталған жалпы бөлшек сауда үдерісіне жатпайды, ол тек бөлшек саудаға жатады,яғни сатып алушыға қызмет көрсетуде. Тарату логистикасындағы зерттеу объектісі- жабдықтаушыдан тұтынушыға өту сатысындағы материалды ағым.

Материалды ағымды тарату көптеген уақыттан бері шаруашылық қызметтің маңызды жағы болып табылады,дегенмен маңызды функция жағдайына тек жақында ғана ие болды. Тарату арналарын таңдау,тауарларды орау мәселесі ,оларды тасымалдауға және алушыға жеткізуге дайындық мәселелері , өндіріс және материалды сатып алу мәселелері бір-бірімен әлсіз өзара байланыста шешіледі.Жалпы тарату функциясын қамтитын жеке функциялар басқарудың дербес функциялары ретінде пайымдалды.Тарату функциясына интегралды көзқарас 60-70-ші жылдардың басында дамыды. Бұл кезеңде өндірістік өнімді таратуға қатысты түрлі функцияларды бір басқару функциясына біріктіру тиімділікті жоғарлатудың үлкен резерві болатынын көбісі түсінді.

Түрлі тарату функцияларын өткізудегі интегралды тәсілдің нәтижесі, ұйымды және кәсіпорынды функционалды басқару құрылымына таратуды енгізу болып табылады.

Тарату логистикасының міндеттері

Тарату логистикасы жабдықтаушы- тұтынушы учаскесіндегі материалды ағымды басқару бойынша бүкіл мәселелер кешенін қамтиды, өткізу мәселесін қою мезетінен бастап өзінің жабдықтаушы сферасынан шығу мезетіне дейін. Мұнда негізгі үлес салмағына дайын өнімді тұтынушыға жылжыту үдерісінде шешілетін материалды ағымдарды басқару мәселелері ие болды.

Тарату логистикасының міндеттерін шешу үдерісінде мынандай сұрақтарға жауап беру керек:

- өнімді тұтынушыға қай арналар арқылы жеткізу;
- өнімді қалай орау керек;
- қай маршрутпен жіберу керек;
- логистикаға қоймалар торы қажет пе, егер қажет болса, қандай және қанша;
- қызмет көрсетудің қандай деңгейін қамтамасыз ету керек, тағы басқа бірқатар мәселелер.

Тарату логистикасының міндеттер құрамы микро және макродейгейде әр түрлі. Кәсіпорын деңгейінде , яғни микродеңгейде логистика төмендегідей міндеттер қойып, оларды шешеді:

– өткізу үдерісін жоспарлау;

– тапсырысты алуды және өңдеуді ұйымдастыру;

– орау түрін таңдау, жинақтау туралы шешім қабылдау, сондай-ақ түсіруге тікелей байланысты басқа да операцияларын орындалуын ұйымдастыру;

– өнімнің түсіруін ұйымдастыру;

– жеткізуді ұйымдастыру және тасымалдауды бақылау;

– өткізгеннен кейінгі қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Макродеңгейдегі тарату логистикасының міндеттеріне мыналар жатады:

– материалды өнімді тарату схемасын таңдау;

– қызмет көрсететін территориядағы тарату орталықтарының оңтайлы санын анықтау;

– қызмет көрсету территориясындағы тарату орталығының оңтайлы орналасу жерін анықтау, сондай-ақ аймақ, облыс, ел, материк немесе бүкіл жер шарының территориясы бойынша материалды ағымның жылжу үдерісін басқарумен байланысты бірқатар басқа мәселелер.